

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының
білім бөлімінің «Қарлығаш» бөбекжай – бақшасы» мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорыны**

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария
талқылау**

ХАТТАМАСЫ

Ақбастау ауылы

10.02.2025

Өткізілген орны: Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Қарасаз ауылдық округі,
Ақбастау ауылы, Береке көшесі 54 үй

Қатысқандар: Жемқоршылық кеңестің мүшелері, балабақшаның
педагогикалық және кіші (техникалық) қызметкерлері

Күн тәртібінде:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы
Талдамалық анықтаманы жарияны талқылау.

Тыңдалды: «Қарлығаш» бөбекжай – бақшасының меңгерушісі Турмаханбетова
Дана Байгазиевна сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау
нәтижелері туралы талдамалық анықтамасы.

Сөз сөйледі: Меңгеруші Турмаханбетова Дана Байгазиевна - Сыбайлас
жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы
2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚР заңының 8- бабының 5- тармағына,
«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік
қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет
істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігі Төрағасының
2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан
Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігі (Сыбайлас
жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21
бұйрығына және «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы
ауданының білім бөлімінің «Қарлығаш» бөбекжай – бақшасы» мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорнының 2025 жылғы 5 қаңтардағы № 4
бұйрығына сәйкес «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы
ауданының білім бөлімінің «Қарлығаш» бөбекжай – бақшасы» мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорнында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізу тәртібін басшылыққа ала отырып, 2025 жылдық 5
қаңтары мен 14 ақпаны аралығында 2024 жылға сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілетінін хабарланды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға жататын мекеменің атауы «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің «Қарлығаш» бөбекжай – бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау бағыттары:

- 1) персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау;
- 2) мүдделер қақтығысын реттеу;
- 3) мемлекеттік қызметтер көрсету;
- 4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 5) бақылау – тексеру функцияларын іске асыру;
- 6) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
- 7) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
- 8) акпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
- 9) талдау объектісінің ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Жұмыс тобы:

Комиссия 2025 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығына сәйкес құрылды

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен қамтылатын кезең:

2024 жыл

Масс – медия сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің басталғаны туралы хабарландыру 2024 жылдың 17 желтоқсанындағы яғни, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау басталғанға дейін 10 жұмыс күні бұрын жарияланды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау күні туралы хабарландыру масс – медияда 2025 жылдың 31 қаңтарында яғни, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау аяқталғанға дейін 10 жұмыс күнінен кешіктірмей жарияланды.

Анонс сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау және жұртшылықтан кері байланыс алу үшін өткізілетінін айтты.

Шешім:

1. Жария талқылау хаттамасын масс – медия сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау аяқталғанға дейін жариялансын.

Менгеруші:

Д. Турмаханбетова

Хатшы:

А. Утева

